

2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 663, 664, 665, 666, 667, 668, 669, 670-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 663 қосымша

Қазақстан Республикасының Жер
ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2003 жылға арналған 001 "Әкімшілік шығындар"
республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 261138 мың теңге (екі жүз алпыс бір миллион бір жүз отыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" 1999 жылғы 23 қарашадағы N 1776 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Штат санының лимитін бекіту туралы" 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 қаулысы . <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің және оның аумақтық органдарының қызметтерін, оларға жүктелген функцияларды барынша нәтижелі орындауына жету үшін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің және оның аумақтық органдарын қаржыландыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N!Бағ.!Шағын! Бағдарлама.! Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
!дар.!бағ. ! лардың (ша.! (шағын бағдарламаны)!асыру!орындаушылар
!лама!дар. ! ғын бағдар.! іске асыру жөніндегі!мер. !
!коды!лама ! ламалардың ! іс-шаралар !зімі !
! !коды ! атауы !!!

1! 2! 3! 4! 5! 6! 7

001 Әкімшілік

шығындар

001 Орталық Қазақстан Республика. Жылдың Қазақстан
органның сының Жер ресурстарын ішінде Республика.

аппараты басқару жөніндегі сының Жер

агенттіктің орталық ресурстарын

аппаратын бекітілген басқару

штат саны лимитінің жөніндегі

шегінде 31 сан агенттігі

құрамында қаржыландыру

002 Аумақтық Облыстық, қалалық Жылдың Қазақстан
органдардың (Астана қалалық және ішінде Республика.

аппараттары Алматы қалалық) жер сының Жер

ресурстарын басқару ресурстарын

жөніндегі комитеттерді басқару

бекітілген штат саны жөніндегі

лимитінің шегінде 586 агенттігі

сан құрамында қаржы.

ландыру

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне жүктелген функцияларды сапалы және өз уақытында орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 664 қосымша

Қазақстан Республикасының Жер
ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2003 жылға арналған 010 "Кадрлардың біліктілігін арттыру
және оларды қайта даярлау" республикалық бюджеттік
бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1653 мың теңге (бір миллион алты жүз елу үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" 1999 жылғы 23 қарашадағы N 1776 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өздерінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес кәсіби қызмет ету саласында білім алу бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерін, шеберліктерін жаңарту және машықтандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін көтеру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N!Бағ.!Шағын! Бағдарлама.! Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
!дар.!бағ. ! лардың (ша.! (шағын бағдарламаны)!асыру!орындаушылар
!лама!дар. ! ғын бағдар.! іске асыру жөніндегі!мер. !
!коды!лама ! ламалардың ! іс-шаралар !зімі !
! !коды ! атауы !!!

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

010 Кадрлардың Бекітілген біліктілі. жылдың Қазақстан

біліктілігін гін көтеру жоспарына ішінде Республика.
арттыру және сәйкес мемлекеттік сының Жер
оларды қайта қызметкерлердің білік. ресурстарын
даярлау. тілігін көтеру бойынша басқару
қызмет алу. жөніндегі
агенттігі

005 Мемлекеттік Біліктілігін көтеру
қызметшілер. курстарында өтетін
дің білікті. мемлекеттік қызметкер.
лігін артты. лердің орташа жылдық
ру. саны, 420.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қазіргі заманғы экономикалық талаптарға және мемлекет мүмкіндіктеріне сәйкес кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына жауап беретін мемлекеттік қызметкерлерді сапалы оқытудың бірыңғай жүйесін құру және дамыту жолымен мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 665 қосымша
Қазақстан Республикасының Жер
ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 031 "Республикалық картография фабрикасы
құрылысының жобасын дайындау" республикалық бюджеттік
бағдарламаның
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 36000 мың теңге (отыз алты миллион теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 сәуірдегі N 414 "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасының құрамында Республикалық картография фабрикасын құру туралы" қаулысы .
3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.
4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Республикалық картография фабрикасы құрылысының жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу.
5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Республикалық картография фабрикасы құрылысының жобасында технологиялық, көлемдік, жоспарлы-көлемдік,

конструктивтік және басқа шешімдерді қазіргі уақыттық, техникалық, табиғи қорғау, әлеуметтік, қала құрылыстық және басқа да талаптарға сәйкес анықтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N!Бағ.!Шағын! Бағдарлама.! Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
!дар.!бағ. ! лардың (ша.! (шағын бағдарламаны)!асыру!орындаушылар
!лама!дар. ! ғын бағдар.! іске асыру жөніндегі!мер. !
!коды!лама ! ламалардың ! іс-шаралар !зімі !
! !коды ! атауы !!!

1! 2! 3! 4! 5! 6! 7

031 Республикалық 1) жобалау-сметалық жылдың Қазақстан картография құжаттарды әзірлеу; ішінде Республика. фабрикасы 2) мемлекеттік сарап. сының Жер құрылысының таманы өткізу. ресурстарын жобасын басқару дайындау жөніндегі агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік сараптаманы өткен картография фабрикасы құрылысының жобалау-сметалық құжаттары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 666 қосымша
Қазақстан Республикасының Жер
ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2003 жылға арналған 036 "Жерге орналастыру жөніндегі іс-шаралар" республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 294034 мың теңге (екі жүз тоқсан төрт миллион отыз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы "Жер туралы" Заңының 112, 113, 114, 115, 116, 117-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; Қазақстан

Республикасы Үкіметінің "2000-2003 жылдары Қазақстан Республикасында жерге құқықтарды қамсыздандыру Бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 16 ақпандағы N 253 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында жерге орналастыруды өткізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 5 маусымдағы N 931 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу тәртібін бекіту туралы" 1997 жылғы 17 қыркүйектегі N 1347 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу тәртібін бекіту туралы" 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жалдық қатынастар және кепілдік операциялар институтын кеңейту, Қазақстан Республикасында жер нарығын дамыту үшін жағдай жасау; ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлердің жағдайы мен пайдалануы туралы нақты ақпарат.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жерге орналастыруды өткізу, жер кадастрын, жер мониторингінің жүргізу, сондай-ақ жер нарығын дамыту үшін жағдай жасау, ауылшаруашылық мақсаттағы жерлерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, ауылшаруашылық алқаптарын кадастрлық бағасын анықтау әдістемесін әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N!Бағ.!Шағын! Бағдарлама.! Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
!дар.!бағ. ! лардың (ша.! (шағын бағдарламаны)!асыру!орындаушылар
!лама!дар. ! ғын бағдар.! іске асыру жөніндегі!мер. !
!коды!лама ! ламалардың ! іс-шаралар !зімі !
! !коды ! атауы !!!

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

036 Жерге орна. Іс-шараларды орындау Қазақстан
ластыру жө. жөніндегі көрсетілген Республика.
ніндегі іс- қызметтердің төлемі сының Жер
шаралар ресурстарын
басқару
жөніндегі
агенттігі

030 Жер-кадастр. Жер-кадастрлық жылдың
лық жұмыстар жұмыстар: ішінде
- 818,2 мың га алаң.

дағы ауылшаруашылық
алқаптарын, топырақ.
тық және геоботаника.

лық контурларды
есептеп шығару;

- аудандық карталар,
сондай-ақ 18 ауданда
кварталдық есептік
карталарды әзірлеу
және жүргізу;

- жерге меншік иелері
мен жер пайдаланушы.
лардың жер кадастры
бойынша электрондық
түрдегі деректердің
жинағы 3931 мың га
көлемінде;

- 3115 мың га алаңын.

да аэротүсіріс,

6644,5 мың га аэро.

фототүсірімдерді

бажайлау, 1625 мың га

топырақ зерттеу,

1230 мың га геоботани.

калық зерттеу, 9415,8

мың га соңғы өнімдерді

жасау;

- республиканың барлық
аумағы бойынша жерлерді
мемлекеттік есепке алу;

031 Жер монито. жер мониторингін 3732 жылдың

рингін мың га алаңда жүргізу ішінде

жүргізу (жүргізілген жер мони.

торингі жөніндегі өткі.

зілген жұмыстар туралы

есеп беру).

032 Ауылдық елді Ауылдық елді мекендер. жылдың

мекендердің аумағында жер- ішінде

аумақтарының шаруашылық құрылымы -

жер-шаруашы. 87 елді мекен.

лық құрылымы

033 Ауыл шаруа. Ауыл шаруашылық жылдың

шылық мақ. мақсаттағы жерлерді ішінде

саттағы 6523 мың га алаңда

жерлерді түгендеу

түгендеу

034 Ауыл шаруа. Ауыл шаруашылық жылдың

шылық мақ. мақсаттағы жерлер ішінде

саттағы жер. топырағының бонитетін

лер топыра. 934,1 га алаңда

ғының бони. анықтау

тетін анық.

тау

035 Ауыл шаруа. Ауыл шаруашылық жылдың

шылық мақ. мақсаттағы жерлердің ішінде

саттағы кадастрлық бағасын

жерлердің анықтау әдістемесін

кадастрлық әзірлеу

құнын анық.

тау әдістеме.

сін әзірлеу

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: осы бағдарламаның іс-шараларының жүзеге асырылуы жер кадастрын, жер қатынастарын әрі қарай жетілдіру, Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау, ауыл шаруашылық алқаптарының жағдайы, пайдаланылуы және ауыл шаруашылық алқаптарының сапасы туралы нақты ақпарат алу, ауыл шаруашылық алқаптарының кадастрлық бағалауын өткізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1429 қаулысына 667 қосымша

Қазақстан Республикасының Жер

ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2003 жылға арналған 038 "Шаруа (фермер) қожалықтарына жер

бөлу және жерге құқығын растайтын құжаттарды беру"

республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 20002 мың теңге (жиырма миллион екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 31 наурыздағы "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" Заңының 8-бабы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Шаруа (фермер) қожалықтарына жерге құқықтарын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Шаруа (фермер) қожалықтарына жерге құқығын растайтын құжаттарды беру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N!Бағ.!Шағын! Бағдарлама.! Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
!дар.!бағ. ! лардың (ша.! (шағын бағдарламаны)!асыру!орындаушылар
!лама!дар. ! ғын бағдар.! іске асыру жөніндегі!мер. !
!коды!лама ! ламалардың ! іс-шаралар !зімі !
! !коды ! атауы !!!

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

038 Шаруа (фермер) 3704 шаруа (фермер) жылдың Қазақстан қожалықтарына қожалықтарына жер ішінде Республика.

жер бөлу және бөлу және жерге сының Жер
жерге құқығын құқығын растайтын ресурстарын
растайтын құжаттарды беру басқару
құжаттарды жөніндегі
беру агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: шаруа (фермер) қожалықтарының жерге құқықтарын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 668 қосымша
Қазақстан Республикасының Жер
ресурстарын басқа жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2003 жылға арналған 043 "Топографиялық-геодезиялық және

картографиялық өнімдерімен қамтамасыз ету және оны сақтау"
республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 73951 мың теңге (жетпіс үш миллион тоғыз жүз елу бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Геодезия және картография туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасының "Жер туралы" 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңының 112, 113-баптары ; Қазақстан Республикасының "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңының 4-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығының 32-бабы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық бюджет қаржысы есебінен орындалатын топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың тізбесі туралы" 2002 жылғы 30 қарашадағы N 1273 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік органдарды, сондай-ақ әр түрлі ведомстволарды делимитациялық және демаркациялық жұмыстарын топографиялық-геодезиялық және картографиялық материалдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: классикалық негізінде және қазіргі дамыған техника мен технологиялардың негізінде, соның ішінде геоақпараттық жүйелердің негізінде геодезиялық, топографиялық және картографиялық материалдарды өз уақытында құру және жаңарту. Топографиялық-геодезиялық және картографиялық өндірістің материалдары мен құжаттарын мемлекеттік есепке алуды, сақтауды және сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N!Бағ.!Шағын! Бағдарлама.! Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
!дар.!бағ. ! лардың (ша.! (шағын бағдарламаны)!асыру!орындаушылар
!лама!дар. ! ғын бағдар.! іске асыру жөніндегі!мер. !
!коды!лама ! ламалардың ! іс-шаралар !зімі !
! !коды ! атауы !!!

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

043 Топографиялық Іс-шараларды орындау Қазақстан
-геодезиялық бойынша көрсетілген Республика.
және картогра. қызметтердің төлемі: сының Жер
фиялық өнімде. ресурстарын

рімен қамтама. басқару
сыз ету және жөніндегі
оны сақтау агенттігі
1 Топографиялық-геоде. жылдың
зиялық жұмыстары: ішінде
- топографиялық кар.
таларды жасау, құру
және жаңарту, оның
ішінде мемлекеттік
геодезиялық пунктте.
рін жаңарту және
қалпына келтіру (350
парақта);
- нивелирлеу: 1 кл.,
11 кл. - 666,36 текше
км, 4 техникалық
есепті құрастыру
2 Картографиялық жұмыс. жылдың
тары: ішінде
- карталарды баспаға
даярлау - 270 парақ;
- М 1:25000 - 1:1000000
карталарды - 105
парақта 100 дана
көлемінде басып шығару
3 6 жиынтық каталогтар жылдың
мен есептерін ішінде
құрастыру
4 объектілердің геогра. жылдың
фиялық атауларының ішінде
2-томдық каталогін
құру және бұрын жасал.
ған томдардан 1000
дана көлемінде шығару
5 Геоақпараттық жүйелер жылдың
негізінде 67 парақта ішінде
цифрлық карталарды
құру
6 Топографиялық геоде. жылдың

зиялық және картогра. ішінде
фиялық жұмыстар өнді.
рісі негізінде құрас.
тырылған материалдар
мен құжаттардың мем.
лекеттік есепке алу,
сақтау, сақталуын
қамтамасыз ету
(13300,0 мың дана).

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік басқару, қорғаныс органдарын жаңартылған топографиялық-геодезиялық және картографиялық материалдармен қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы объектілерінің географиялық атауларының каталогін құру және шығару; топографиялық-геодезиялық және картографиялық материалдарды есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 669 қосымша
Қазақстан Республикасының Жер
ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
**2003 жылға арналған 500 "Мемлекеттік жер кадастрының
автоматтандырылған ақпараттық жүйесін сүйемелдеу"
республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10000 мың теңге (он миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы "Жер туралы" Заңының 3, 106, 112, 115, 117-баптары ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу тәртібін бекіту туралы" 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2000-2003 жылдары Қазақстан Республикасында жерге құқықтарды қамсыздандыру бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 16 ақпандағы N 253 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Цифрлық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасының табиғи объектілерінің мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін құру туралы" 2000 жылғы 25 қыркүйектегі N 1449 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін сүйемелдеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін сүйемелдеу, Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің мамандарын Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің жүйешелерімен жұмыс істеуге, операциялық жүйелерді, реляциялық мәліметтер базасының басқару жүйесін, геоақпараттық жүйесін қолдануға оқыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N!Бағ.!Шағын! Бағдарлама.! Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
!дар.!бағ. ! лардың (ша.! (шағын бағдарламаны)!асыру!орындаушылар
!лама!дар. ! ғын бағдар.! іске асыру жөніндегі!мер. !
!коды!лама ! ламалардың ! іс-шаралар !зімі !
! !коды ! атауы !!!

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

500 Мемлекеттік Мемлекеттік жер ка. Жылдың Қазақстан жер кадастр. дастрының автоматтан. ішінде Республика. ының автомат.дырылған ақпараттық сының Жер тандырылған жүйесін сүйемелдеу, ресурстарын ақпараттық Қазақстан Республика. басқару жүйесін сының Жер ресурстарын жөніндегі сүйемелдеу басқару жөніндегі агенттігі агенттігінің маманда. рын Мемлекеттік жер кадастрының автомат. тандырылған ақпарат. тық жүйесінің жүйеше. лерімен жұмыс істеуге, операциялық жүйелерді, реляциялық мәліметтер базасының басқару жүйесін, геоақпараттық жүйесін қолдануға оқыту.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 670 қосымша

Қазақстан Республикасының Жер
ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2003 жылға арналған 600 "Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру"

республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 406413 мың теңге (төрт жүз алты миллион төрт жүз он үш мың теңге). <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы "Жер туралы" Заңының 3 , 106, 112, 115, 117-баптары ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу тәртібін бекіту туралы" 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2000-2003 жылдары Қазақстан Республикасында жерге құқықтарды қамсыздандыру Бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 16 ақпандағы N 253 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Цифрлық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасының табиғи объектілерінің мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін құру туралы" 2000 жылғы 25 қыркүйектегі N 1449 қаулысы , Салық төлеушілердің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімі" ақпараттық жүйесін енгізу жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 308 қаулысы . <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жер қатынастары саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты өткізуді ақпараттық қолдау үшін Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік жер кадастрын техникалық қамтамасыз ету, жүйешелерді әзірлеу және оларды Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуі үшін енгізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N!Бағ.!Шағын! Бағдарлама.! Бағдарламаны !Иске ! Жауапты
!дар.!бағ. ! лардың (ша.! (шағын бағдарламаны)!асыру!орындаушылар
!лама!дар. ! ғын бағдар.! іске асыру жөніндегі!мер. !
!коды!лама ! ламалардың ! іс-шаралар !зімі !
! !коды ! атауы !!!

1! 2! 3! 4! 5! 6! 7

600 Мемлекеттік Мемлекеттік жер ка. жылдың Қазақстан
жер кадастр. дастрының жүйесінің ішінде Республика.
ының авто. бағдарламалық-техни. сының Жер
маттандырыл. калық кешендерімен ресурстарын
ған ақпарат. 15 аудандық жер ресур. басқару
тық жүйесін старын басқару жөніндегі
құру жөніндегі комитеттерін, агенттігі
1 қалалық (Батыс Қаз-
ақстан және Қостанай
облыстарының) және
"сервер" - "2", "жұмыс
стансалары" - "28",
"үзіліссіз ток көздері"
- "30", "модем" - "18"
саны, "концентратор" -
"3", "принтер" - "20",
"плоттер" - "2", "гео-
ақпараттық жүйе бағдар-
ламалары" - "29", "мә-
ліметтер базасын басқару
жүйесі бағдарламалары"
- "18" тиісінше "14",
"24", "106", "131",
"28", "16", "41", "12",
"113", "30" облыстық жер
ресурстарын басқару
жөніндегі комитеттерін
қамтамасыз ету (2 сервер,
28 жұмыс стансалары, 30
үзіліссіз ток көздері,
18 модем, 3 концентратора.

тор, 18 көшіргіш
аппараттар, 20 принтер,
2 плоттер, қосалқы тор
жабдықтары, 29 геоак.
параттық жүйе бағдар.
ламалары, 18 мәліметтер
базасын басқару жүйесі
бағдарламалары) 10
планшеттік сканерлер,
12 үлкен форматты сканерлер,
3 перифериялық жабдықтар.
Мемлекеттік жер кадастр.
ының автоматтандырылған
ақпараттық жүйесінің
техникалық тапсырмаларын,
техно-жұмысшы жобаларын,
интерфейстерін әзірлеу
("Салық салу мақсаты
үшін жерді мемлекеттік
кадастрлық бағалау",
"Бірыңғай мемлекеттік
жер реестрі мәліметтері
базасынан құқығын
куәландыратын құжаттарды
құру және басып шығару"
жүйешесін); жасалған
жүйешелерді енгізу.
"Бірыңғай мемлекеттік
жер реестрі мәліметтері
базасынан құқығын
куәландыратын құжаттарды
құру және басып шығару",
кадастрлық ақпараттарды
қағаз тасымалдағыштардан
электронды түріне аудару.
Сандық электрондық
(кадастрлық, топография.
лық, геоботаникалық,
топырақтық) карталарды

жасау. Жобалау-сметалық
құжаттаманы әзірлеу. <*>

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің негізгі жүйешелерін әзірлеу және енгізу ("Салық салу мақсаты үшін жерді мемлекеттік кадастрлық бағалау", " Бірыңғай мемлекеттік жер реестрі мәліметтері базасынан құқығын куәландыратын құжаттарды құру және басып шығару" жүйешелері); кадастрлық ақпараттарды қағаз тасымалдағыштардан электронды түріне аудару; цифрлік электрондық (кадастрлық, топографиялық, геоботаникалық, топырақтық) карталарды жасау. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бағдарламалық-техникалық кешендерімен 15 аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттерін, 1 қалалық (Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарының) және 14 облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттерін қамтамасыз ету. <*>

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.07. N 150г қаулысымен .